

**Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 20 "Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 21 қарашадағы № 503 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 қарашада № 5956 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 69 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 20.02.2019 № 69 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11223 тіркелген бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 20 "Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5887 тіркелген, 2018 жылдың 15 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары:

осы қаулының қосымшасына сәйкес 97, 98, 99 және 100 жолдарымен толықтырылсын.

2. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары М.Е. Абдуллинге жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*Б. Сапарбаев*

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 21 қарашадағы № 503 қаулысына қосымша  
Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қаңтардағы № 20 қаулысымен бекітілген

97	Концентрленген кальций нитраты	CaO-32; N- 17	килограмм	120,00
98	Магний азотқышқылды 6- сулы (магний селитрасы)	MgO-15,5; N-11,1	килограмм	135,00
99	Магний күкіртқышқылды 7-сулы	MgO-16,6; SO3-13,2	килограмм	94,00
100	Калий сульфаты (күкіртқышқылды калий)	K2O-51; SO3-45	килограмм	220,00